

ТӘУЕЛСІЗ ТЕКСЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

GRI 2-5

8



«Эрнст энд Янг –
кеңестемелік қызметтер» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961
www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг –
консультациялық услуги»
пр. Аль-Фараби, 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961
www.ey.com

Ernst & Young Advisory LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 5960
Fax: +7 727 258 5961
www.ey.com

Тәуелсіз жұмыс істеп жүрген маманның сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмасы туралы қорытындысы

Ағылшын тіліндегі түпнұсқадан аударма

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-ның акционерлері мен басшылығына

Тапсырма мәні

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Компания») бізді Компанияның 2024 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңдегі (бұдан әрі – «Есепті кезең»), орнықты даму саласындағы есебінде (бұдан әрі – «Есеп») көрсетілген орнықты даму саласындағы ақпаратқа (бұдан әрі – «Орнықты даму саласындағы ақпарат» немесе «Тапсырма Мәні») қатысты сенімділікті қамтамасыз ететін Халықаралық тапсырмалар стандарттарында айқындалғандай шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы (бұдан әрі – «Тапсырма») орындау үшін тартты.

Осы тапсырманың шеңберінде біз келесі аспектілерге:

- Есепте ашылған Компания қызметінің болашақ оқиғалары мен нәтижелеріне қатысты мәлімдемелер;
- мердігерлік ұйымдардағы жұмыс уақытын жоғалтумен жазатайым оқиғалардың коэффициенті (LTIR) мен өлім оқиғаларының коэффициенттері (FAR), сондай-ақ 1 млн жүріп өткен километрге жол-көлік оқиғаларының коэффициентіне (MVCR) қатысты сандық және сапалық ақпарат; және
- Есептің Орнықты даму мақсаттары мен БҰҰ-ның Жаһандық шарт қағидаттарына сәйкестігі туралы ақпаратқа қатысты сенімділікті қамтамасыз ететін рәсімдерін жасамадық.

Компания қолданатын критерийлер

Тапсырма Мәнін дайындау кезінде Компания:

«Есеп туралы» бөлімде (бұдан әрі – «Критерийлер») көрсетілгендей

- 2021 есептілік бойынша Жаһандық бастаманың орнықты даму саласындағы есептілік стандарттарын (бұдан әрі – «GRI стандарттары») қолданды.

Компанияның жауапкершілігі

Компания басшылығы Критерийлердің таңдалуы және Тапсырма Мәнін осы Критерийлерге сәйкес барлық елеулі қатынастарда шынайы түрде ұсынылуы үшін жауапкершілік көтереді. Мұндай жауапкершілікке ішкі бақылау жүйесін енгізу және жарамды күйде ұстау, тиісті құжаттаманы жүргізу және Тапсырма мәні теріс пиғылдық әрекеттерден немесе қатеден туындаған елеулі бұрмалануларды қамтыматындай етіп, оның дайындалуына қатысы бар бағалау мәндерінің есебі жатады.

A member firm of Ernst & Young Global Limited

ҚОСЫМШАЛАР

БОЛАШАҚКА ИНВЕСТИЦИЯ «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» АҚ АҚ-НЫҢ 2024 ЖЫЛДАҒЫ ТУРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

Е С Е П



ЕҮ жауапкершілігі

Біздің міндетіміз - біз алған дәлелдер негізінде Тапсырма Мәнін ұсыну туралы қорытынды жасау.

Біз бұл Тапсырманы сенімділікті қамтамасыз ететін «Өткен кезеңдердің қаржы ақпаратының аудитінен және шолып тексеруден өзгеше болатын сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмалар» Халықаралық тапсырмалар стандартына (бұдан әрі - «3000 СҚХТС (қайта қаралған)»), сондай-ақ 2021 жылғы 14 мамырда Компаниямен келісілген осы Тапсырмаға арналған техникалық тапсырмаға сәйкес орындадық. Бұл стандарт бізден Тапсырманы Критерийлерге сәйкес келуі және қорытынды шығару үшін Тапсырманың мәніне қандай да бір елеулі өзгерістер енгізу қажет екендігі туралы қорытынды жасау үшін жоспарлауды және орындауды талап етеді. Таңдап алынған рәсімдердің сипаты, мерзімі мен көлемі теріс пиғылды әрекеттердің немесе қатенің салдарынан ақпараттың елеулі бұрмалану тәуекелін бағалауды қоса алғанда, біздің пайымдауымызға байланысты болады.

Алынған дәлелдер шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін қорытындымызға негіз болу үшін жеткілікті және лайықты болып табылады деп есептейміз.

Біздің тәуелсіздігіміз және сапаны бақылау

Біз өз тәуелсіздігімізді сақтап, бухгалтерлерге арналған Халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес шығарған Кәсіби бухгалтерлердің этика кодексінің талаптарын орындағанымызды және сенімділікті қамтамасыз ететін осы тапсырманы орындау үшін қажетті құзыреттер мен тәжірибеміздің бар екендігін растаймыз.

Бұдан басқа, ЕҮ «Қаржылық есептілікке аудит және шолып тексерулер жүргізетін, сондай-ақ сенімділікті қамтамасыз ететін өзге де тапсырмаларды және ілеспе қызметтерді көрсету жөніндегі тапсырмаларды орындайтын аудиторлық ұйымдарда сапаны басқару» Сапаны басқарудың 1-ші халықаралық стандартын қолданады, ол бізден этикалық талаптарды, кәсіби стандарттарды және қолданыстағы заңнамалық әрі нормативтік талаптарды сақтауға қатысты саясаттарды немесе рәсімдерді қоса алғанда, сапаны басқару жүйесін әзірлеуімізді, енгізуімізді және пайдалануымызды талап етеді.

Орындалған рәсімдердің сипаттамасы

Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырма шеңберінде орындалатын рәсімдер сипаты мен мерзімі бойынша ерекшеленеді және ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындауға қарағанда аз көлемді болып табылады. Демек, шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау кезінде алынған сенімділік деңгейі ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау кезінде алынатын сенімділік деңгейінен айтарлықтай төмен. Біздің рәсімдеріміз өз тұжырымымызды негіздей алатын шектеулі сенімділік деңгейін алу үшін әзірленген және ақылға қонымды сенімділік деңгейін қамтамасыз ету үшін қажет болатын барлық дәлелдерді ұсынбайды.

Біз рәсімдеріміздің сипаты мен көлемін анықтауда ішкі бақылау құралдарының тиімділігін ескергенімізбен, біздің сенімділікті қамтамасыз ететін Тапсырмамыз ішкі бақылау құралдарына қатысты сенімділікті қамтамасыз етуге арналмаған. Біздің рәсімдеріміздің бақылау құралдарын сынауды немесе IT жүйелеріндегі деректерді біріктіруді немесе есептеуді тексеруге байланысты рәсімдерді орындауды қамтымады.



Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмалар, ең алдымен, Тапсырма мәнін және тиісті ақпаратты дайындауға жауапты тұлғалардан сауалнама жүргізуді, сондай-ақ талдамалық және басқа да қажетті рәсімдерді қолдануды қамтиды.

Біз орындаған рәсімдер:

- Біз Тапсырма мәнінде ашылуы керек маңызды тақырыптардың тізбесін тексердік;
- Біз Тапсырма мәнін дайындауға қатысқан Компания бөлімшелерінің өкілдерімен сұхбат жүргіздік;
- Біз Тапсырма мәніне қатысты сандық ақпаратқа талдамалық рәсімдер жүргіздік;
- Біз Компанияның орнықты даму саласындағы ішкі корпоративтік құжаттарын зерттедік;
- Іріктелген негізде біз Тапсырма мәніне енгізілген көрсеткіштерді бастапқы ақпаратпен салыстырдық;
- Біз Есептің беттеуінде Тапсырма мәнінің орналасуын бағаладық.

Біз сондай-ақ осы жағдайларда қажет деп тапқан басқа рәсімдерді орындадық.

Тұжырым

Біз орындаған рәсімдердің және алынған дәлелдердің негізінде 2024 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңдегі Тапсырма Мәніне Критерийлерге сәйкес келетіндей енгізілуі тиіс қандай да бір елеулі өзгерістер бізге беймәлім екендігін хабарлаймыз.

Ernst & Young Advisory LLP

2025 жылғы 30 сәуір
Алматы, Қазақстан